

«Баласәби бөбекжай-балабақшасының» атқарған жұмыстарына талдау.

«Баласәби бөбекжай-балабақшасы» Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы) сәйкес қызмет етеді.

2023-2024 оқу жылында бөбекжай-балабақшаның педагогикалық ұжымы «Оқыту-тәрбиелеу процесін ізгілендіру факторы ретінде инновациялық білім беру технологияларын қолдану арқылы тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру» өзекті тақырыбын жүзеге асыруға жұмыс істеді.

Осы тақырыпқа орай, педагогикалық ұжымның алдына қойған мақсаттарына сәйкес, келесі жылдық міндеттерді жүзеге асырдық:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу жұмыстарын жетілдіру.

2. Жобалау қызметін ұйымдастыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дара белсенділігі мен шығармашылықтарын қалыптастыру және дамыту.

3. Ата-аналардың біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жетілдіру.

Балалардың сырқаттануын талдау нәтижелері 2023-2024оқу жылына салыстырмалы түрде

Бөбекжай балабақша жұмысы нәтижелерінің маңызды көрсеткіші – бұл балалардың денсаулығы. Баланы оқыту мен тәрбиелеудің сәттілігі баланың денсаулық жағдайына тәуелді. Сондықтан осы мәселеге баса назар аударылған.

Балалардың денсаулығына жасалған жыл сайынғы талдау көрсетеді:

Оқу жылы	Бала саны	Барлық келген күндер	Барлық босатқан күндер	Ауруы бойынша босатқандар		
				барлығы	Жыл бойына 1 балаға	Айына 1 балаға
2023-2024	95	215.358	-	-	-	-

ББ тәрбиеленушілерінің балабақшаға келуі

Оқу жылы	Денсаулық тобы								Жиі ауыратын балалар	Дене дамуы
	1-ші		2-ші		3-ші		4-ші			
2023-2024	басы	соңы	басы	соңы	басы	соңы	басы	соңы	норма	ауытқулар
	20	20	25	25	25	25	-	-		

ББ тәрбиеленушілерінің денсаулық деңгейіне талдау

Балалардың денсаулықтарына талдау жасай отырып, жыл сайын бөбекжай балабақшаға келіп түскен балалардың ішінде денсаулығы әлсіреген балалар артып келе жатқанына назар аудардық. Медициналық тексеру барысында: туа біткен жүрек ақауы – жоқ, қанайналым жүйесінің ауруы – жоқ. Емхана педиатрымен бірге балаларды сауықтыру жоспары жасалды. Олар жылына 2 рет (наурыз, қазан) талдамалар тапсырады және алдын алу ем-шараларын қабылдайды.

Оқу жылы	Созылмалы аурулар								Көру қабілетінің бұзылуы	Дене сымбатының бұзылуы		жалпақ абан	Тілдің тежелуі	Психикалық дамуының тежелуі
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары		Лор-мүшелерінің аурулары		Зәр шығару мүшелерінің аурулары		Қанайналым мүшелерінің аурулары			Төс сүйегінің деформациясы	Кіндік ғыржасы			
2023-2024	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-

Дамуында ауытқуы бар балалар саны

Оқу жылы	Балалар саны	Сау балалар саны	Ауру балалар саны
2023-2024	95	95	100%

Балалардың денсаулығына салыстырмалы талдау жасау.

Оқу жылы	Балалар саны	Ауруы бойынша босатқандар	Бір балаға	Жағдайлар саны	Ауыру %
2023-2024	95	жоқ	-	-	-

Сырқаттануға салыстырмалы талдау жасау.

Сырқаттану пайызы алдыңғы жылмен салыстырғанда 0,1% төмендеді.

Жыл көлемінде медбике, меңгеруші, әдіскер тарапынан балалардың дене тәрбиесіне медициналық-педагогикалық бақылау жасалып тұрды.

Бұл жұмыс, ең алдымен:

- балалардың денсаулық жағдайына, жүйке-психикалық және дене тәрбиесіне;
- балалардың қозғалысы мен дене даму сапаларының жыл басында және соңындағы дамуына;
- дене тәрбиесі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, мазмұны, өткізу әдістемесін бақылауға бағытталды.

Балалардың қозғалыс белсенділігіне жасалған талдау көрсеткендей, МДМ педагогтары осы мәселеге баса назар аударады. Баланың қозғалыс белсенділігін дамыту үшін түрлі тәсілдерді қолданады: белгіленген қызмет (таңғы жаттығу, сергіту сәттері, денешынықтыру сабақтары, ұйқыдан кейінгі дене жаттығулары), жартылай белгіленген қызмет (спорттық шаралар, мерекелер, ойындар, ауадағы және ғимарат ішіндегі қозғалыс ойындары, сауықтыру үшін жүгіру, денсаулық күндері т.б.). Дене тәрбиесі бойынша бірлескен білім беру қызметі түрлі ойындармен, эстафеталармен, ойын жаттығуларымен, денсаулық туралы танымдық әңгімелермен толы және қызықты болды. Тәрбиеленушілермен өткізілген барлық шаралар «Денсаулық» тақырыбына арналған. Ойындар мен әңгімелер арқылы балалар өз ағзасы туралы көптеген пайдалы әрі қажетті ақпаратты білді.

Оқу жылының көлемінде аурудың алдын алуға бағытталған келесі шаралары өткізілді:

Жеңілдетілген түрдегі таңғы жаттығу (күнделікті);

Аптасына 3 рет дене шынықтыру сабақтары;

Ауа температурасы – 20С төмен емес күндері далада серуендеу;

Күніне екі рет салқын сумен жуыну (су температурасы +14,+16С.);

«Денсаулық жолымен» жүру (жалпақтабандылықтың алдын алу) күнделікті ұйқыдан кейін;

Бөлме температурасымен бірдей сумен ауыз шаю (күнделікті түскі астан кейін);

Көз шаршайтын ҰОҚ (мүсіндеу, сурет салу, аппликация, құрастыру) кезінде миопияның алдын алу мақсатында көзге гимнастика жасату;

Өкпенің өмірлік көлемін арттыру үшін тыныс алу жаттығулары (күнделікті);

Ойын арқылы уқалау элементтерін үйрену және қолдану (шынығу үшін тыныс алу, қолды уқалау, құлақтың сиқырлы нүктелерін уқалау, табанды уқалау);

Сколиоздың алдын алу (баланың денесін ұстауын күні бойы қадағалау, ҰОҚ, ұйқы, тамақтану кезінде).

Медициналық қызметкер балалардың тамақтану сапасына жүйелі талдау жасап және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар беріп отырды; балалардың дене тәрбиесі мен оларды сауықтыру мәселелері бойынша ата-аналармен жұмыстар жүргізілді; ойыншықтарды жуу және күту ережелерінің сақталуы қатаң қадағаланып отырды; санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес топ бөлмелерін ылғалды тазалау жұмыстары, сүлгілерді, төсек жаймаларын уақытында ауыстыру, ережеге сәйкес ыдыс жуу қадағаланды.

Осы бағыттағы жұмыстарды талдай отырып, ұжым мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу жұмыстарын жетілдіру міндетін ұзақ мерзімді деп санауды ұйғарды.

Педагогтардық біліктілігі мен аттестаттау нәтижелері.

Педагогикалық ұжым 8 педагогтан тұрады.
Тәрбиешілер –6

ББ педагогтарының біліктілік талаптарына сипаттама кестеде көрсетілген

Оқу жылы	Білімі			Біліктілік санаты			
	жоғары	Орта-арнайы	ортаңғы	жоғары	бірінші	екінші	жоқ
2023-2024	4	2	-	-	-	-	3

2023-2024 оқу жылында қызметкерлермен жүргізілген жұмыстар келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- 3педагог (40%) біліктілікті арттыру курсынан өтті.

ББ тәрбиешілерінің кәсіби қызметі (кәсіби шеберлігі) туралы неғұрлым толығырақ әрі нақты ақпарат алу үшін олардың жұмысына мәселелік талдау жасалды.

Тәрбиешілерге жүргізілген сауалнаманы талдай келе, келесі қорытынды шығады, педагогтардың негізгі бөлігі (89%):

- ББ қазіргі жағдайына қанағаттанады, оның жоспарлы, кезеңдік дамуына белсенді үлес қосуды мақсат етеді.

- білім беру үдерісінің нәтижелерін арттырудың басты шарты – балабақшаның адамгершілік негізіндегі тәрбиелеу жүйесін құру деп санайды.

- әдістемелік жұмыстардың инновациялық түрлерін мақұлдайды.

Бөбекжай балабақшаның білім беру қызметіне талдау.

Мектепке дейінгі мекеменің білім беру қызметінің басым бағыты мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу жұмыстарын жетілдіру болып табылады, ол Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).

Балалардың Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруі бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері.

№	Топтар	Бала саны	Денсаулық сақтау дағдылары	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	Танымдық дағдылар	Шығармашылық дағдылар	Әлеуметтік дағдылар	Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру %
1.	«Балапан» тобы	20	29%	20%	26%	25%	20%	25%
2.	«Ая» тобы	25	22,7%	12%	3,7%	5,3%	5,3%	9,8%
3.	«Ботақан» тобы	25	18,7%	12%	3,7%	5,3%	5,3%	,8%
4.	«Қошақан» тобы	25	22,7%	12%	3,7%	5,3%	5,3%	9,8%
Барлығы		95	36,6%	4	5	25	33,8%	27,3%

**Балалардың Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруі бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері.
2023-2024 оқу жылы**

№	топтар	Балалар саны	Денсаулық сақтау дағдылары	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	Танымдық дағдылар	Шығармашылық дағдылар	Әлеуметтік дағдылар	Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру %
1.	«Балапан» тобы	20	88,7%	94,5%	86,7%	90,7%	65%	90%
2.	«Ая» тобы	25	78,8%	70,4%	75%	84%	78%	77%
3.	«Ботақан» тобы	25	78,8%	70,4%	75%	84%	78%	77%
4.	«Қошақан» тобы	25	78,8%	70,4%	75%	84%	78%	77%
Барлығы		95	79%	78%	78%	84%	77%	80%

«Баласәби бөбекжай-балабақшасының» балалары ептіліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды мониторингі нәтижелері туралы
Жинақ есеп

2023-2024 оқу жылы.

№	Топтардың атауы	Балалар саны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
1.	«Балапан» тобы	20	0	4	15
2.	«Ая» тобы	25	0	7	18
3.	«Ботақан» тобы	25	0	7	18
4.	«Қошақан» тобы	25	0	7	18
	Барлығы	95	0	33	77
			Төмен деңгейлі балалар жоқ	Орташа деңгейлі балалар 24%	Жоғары деңгейлі балалар 76%

Бағдарламаны орындаудың жалпы пайызы 80%, бұл жыл басындағы көрсеткішке 27,3% қарағанда жақсы нәтиже болып табылады.

Диагностика нәтижелері атқарылған жұмыстардың тиімділігін көрсетті.

Барлық жас топтары бойынша кестені талдай отырып, келесі қорытындыны шығаруға болады:

Биылғы оқу жылында жаңадан 3 топ ашылуына қарамастан, даму деңгейі жоғары балалар үлесі 50%-дай (алдыңғы оқу жылдарында -1 топ).

Кестеден көргеніміздей, талдалынған кезеңде барлық көрсеткіштердің өсу динамикасы бар.

Әдістемелік жұмыс талдауы.

2023-2024 оқу жылында «Баласәби бөбекжай-балабақшасы» әдістемелік жұмысы мектепке дейінгі мекеменің өзекті тақырыбы мен жылдық міндеттерін шешуге бағытталды.

Педагогтардың шығармашылық ізденістерін, инновациялық жаңартуларға деген жағымды көзқарастарын, бірлесе жұмыс істеуге деген тілектерін ынталандыру келесі жұмыс бағыттары арқылы жүзеге асырылды:

- Педагогикалық және басқару персоналының сапасын басқару;
- Әдістемелік жұмысты басқару;

- Педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру, түрлері, мазмұны;

- Әдістемелік және эксперименталдық жұмыстарды ұйымдастыру, мазмұны, түрлері;

- Кәсіби қызметін жүзеге асыруға, балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу жұмыстарының деңгейін арттыруға қажетті біліктілік деңгейіне жету және шығармашылық әлеуеттің дамуы.

«Баласәби бөбекжай-балабақшасы» жүзеге асырылатын білім беру мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа өнімді технологияларды меңгеру, педагогикалық шығармашылықты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында балабақша меңгерушісінің бұйрығымен «Баласәби бөбекжай-балабақшасы» әдістемелік қызметінің құрылымы бекітілді.

ББ әдістемелік қызметінің жұмысы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес құрылды. Әдістемелік қызметті әдістемелік кеңес басқарды. Әдістемелік кеңеске балабақша әдіскері жетекшілік етті.

Әдістемелік қызмет құрылымы келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады:

1. Семинарлар (практикум, тұрақты-қызмет ететін, теориялық);
2. Жас тәрбиешінің педагогикалық қонақ бөлмесі;
3. Озық педагогикалық тәжірибе мектебі.
4. «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы

Әдістемелік қызмет құрылымдарының жұмысын үйлестіру шеңберінде өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырды. Оқу жылының көлемінде 5 отырыс өткізілді. Әдістемелік қызметтің әр құрылымдық бөлімшесі бірінші отырыста бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес қызмет етті. Әдістемелік қызметтің жұмысы педагогикалық кеңеспен өзара байланысты.

Педагогикалық кеңестерді сапалы өткізу үшін әдістемелік қызмет жоғары нәтижеге бағытталған мақсатты жұмыстарды жүзеге асырады.

Тәрбиешілер педагогикалық кеңес отырыстарына дайындық жұмыстарына және өткізуге қатысты. Екі тақырыптық педагогикалық кеңес жоспарланып өткізілді:

Тақырыбы: «Жобалау әдісі білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды әзірлеу және енгізу құралы ретінде»

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтардың құзыреттіліктерін жобалау қызметі арқылы арттыру.

Педагогикалық кеңеске дайындық барысында педагогикалық ұжым осы тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасады. Педагогикалық кеңес алдында ұзақ мерзімді практикалық бағыттағы «ББ жобалау-зерттеу қызметі мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін қызмет түрі ретінде» семинары өтті.

«Балабақшада қолданылатын жобалау қызметінің түрлері, формалары және кезеңдері» (тәрбиеші –М.Есенгелдиева)

«Балалардың эксперимент жасау және зерттеу қызметі кезінде мәселелі жағдайлар жасау ерекшеліктері» (тәрбиеші – М.Кучкарова)

«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зерттеу қызметін дамыту және қолдау сұрақтары бойынша балабақша мен отбасының серіктестігі» (тәрбиеші – Г.Жаркынбекова)

«Жобаларды көрсету формалары» (тәрбиеші – Б.Жүзбаева)

Семинар-практикумдарға белсенді қатысу педагогтардың практикалық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін арттырудың тиімді жолы болды.

«ҰОҚ өткізу және күн тәртібінде мәселелік жағдайларды қолдану» тақырыптық бақылауы көптеген педагогтардың мәселелік жағдайларды оқу процесін ұйымдастыруда ғана емес, сонымен қатар күн тәртібінде тиімді әрі педагогикалық сауатты қолданатынын көрсетті, бұл балалардың практикалық тапсырмалар мен сұрақтарды шешуде өз бетімен ізденуіне, білім алуына ықпал етеді. Нәтижесінде бұл қызмет «орындаушыны» емес «әрекет етушіні» тәрбиелейді, тұлғаның еріктік қасиеттерін, серіктестік дағдыларын дамытады.

Бақылаудың нәтижелері әдістемелік кеңесте оқылып, шешім шығарылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде ««Рухани жаңғыру» бағдарламасын мұражай педагогикасы арқылы жүзеге асыру» атты қалалық семинар өткізілді. Семинарда қала педагогтарын мектеп жасына дейінгі балалардың: қоршаған орта заттарының тарихи-мәдени контекстін көру ептілігін, яғни оларды тарих пен мәдениет дамуы тұрғысынан бағалау, тарих пен мәдениет ескерткіштерін көрсету арқылы тарихи дәуірлердің өзара байланысын және өзінің басқа уақытқа жататынын түсінуі мақсатында мұражай педагогикасын қолданылуымен таныстырдық.

ББ «Туған өлкем – сені жақсы көрем» шағын-мұражайы жасалып қызмет етеді. Мектепалды топтарының тәрбиеленушілері семинар қонақтарын, ата-аналарды, тәрбиеленушілерді келесі тақырыптағы экспозициялармен таныстырды:

«Қазақ тұрмысының этнографиялық экспозициясы»

- «Орыс тұрмысының этнографиялық экспозициясы»
- «Туған өлкенің табиғаты – шығармашылықтың таусылмас көзі»
- «Ешкім ұмыт болған жоқ – ештеңе ұмыт қалған жоқ»
- «Туған өлкені жырлаушылар»
- «Бұл қала ең жақсы»

«Өзін-өзі тану» - сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» онкүндігінің аясында балабақша педагогтары келесі шараларды өткізді:

1. Авторы С.А. Назарбаева рухани –адамгершілік білім беру бағдарламасына арналған онкүндіктің салтанатты ашылуы.

2. Рухани –адамгершілік білім беру бағдарламасының авторы С.А.Назарбаеваның қызметі туралы ақпарат қабырғасы мен топтарда буклеттер жасалды.

3.«Балалық шақ - күнделікті әлемді тану, сондықтан, ең алдымен адамды, отанды, олардың әдемілігі мен ұлылығын тануға жол жасау керек».

Осы мақсатпен «Шығармашылықтың мөлдір бұлағы» атты газеттер көрмесі жасалды.

4. Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани құндылықтарын қалыптастыруға, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыруға ықпал ету мақсатында «Балапан» және «Балдырған» топтарында «Махаббат – өмір негізі» атты ҰОҚ өткізілді.

5. «Анаммен, әкеммен бірге мен ең мықтымын!» спорттық ойын-сауығы.

Ойын-сауық көңілді әрі тату атмосферада өтті. Балалар барлық қиындықтардан тек бірлесіп қана өтуге болатынын түсінді.

6. «Махаббатқа толы жүрек» өлең оқу сайысы. Сайыс эмоционалды өтті. Балалар өлеңдерді ерекше сезіммен, толқыныспен оқыды. Сайыстың жеңімпаздары мен қатысушылары мадақтамалармен, сыйлықтармен марапатталды.

7. Балалар үшін «Тірі қала» атты интерактивті ойын-сауық сабағы ерекше сый болды, олар қиялдарын қоса отырып, қаланың әдемі суреттерін жасады.

8. Ауылшаруашылығы саласы өкілдерімен кездесу болды. Балаларды қорықтағы жануарлармен таныстырды, табиғаттағы адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыс ережелеріне, адамның қоршаған ортамен сүйіспеншілігімен, мейірімділігімен бөлісе алуына, жан-жануарларға қайырымды болуға баса назар аударылды.

9. «Барлығы махаббаттан басталады» атты концерттік бағдарламасы жағымды тамаша эмоционалды өтті, көрермендер тарапынан қошемет танылды.

Онкүдіктің соңғы күні «Күн бәріне ортақ!» атты салтанатты жабылу сәті өтті.

Онкүндік аясында өткізілген шаралар туралы ақпарат бұқаралы ақпарат құралдарында жарияланды.

Республикалық, облыстық және аудандық шараларға қатыстық:

1. «Ең үздік мектепке дейінгі мекеме» облыстық сайысы («Рухани Жаңғыру» бағдарламасының «Ұстазым – мақтанышым» аймақтық бағдарламасының шеңберінде),

2. «Балапан» облыстық интеллектуалдық турнирі,

3. Аудандық тамыз конференциясы–2021–«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін шеше отырып, мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру» баяндамасы.

4. Республикалық қашықтық интернет-олимпиада «Пед.- Старт»,

5. «Шыршаны қорғайық және сақтайық - 2021»,

6. «Парктер шеруі – 2021» табиғатты қорғау акциясы,

7. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын мұражай педагогикасы арқылы жүзеге асыру» аудандық семинары.

8. Жас педагогтарға арналған аудандық конкурс «Жас Тәрбиеші».

ТЖ мен карантин тәртібінде ББ педагогтары барлық жас топтарындағы балаларға қашықтық оқыту ұйымдастырды. Әлеуметтік желілерде топтар ашылып, ата-аналармен кері байланыс орнатылды.

Аталған барлық жұмыстар балабақшаның оқыту-тәрбиелеу процесін ізгілендіру факторы ретінде инновациялық білім беру технологияларын қолдану

арқылы тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру бойынша өзекті тақырыбын жүзеге асыруға бағытталған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде келесі қорытындыны жасауға болады:

1. Тәрбиелеу-білім беру жұмыстарының мазмұны, педагогтардың кәсіби деңгейі, пәндік-дамыту ортасы мен оның қамтасыз етілуі сапалы мектепке дейінгі білім беруге қабілетті.

2. Педагогикалық құзыреттілік мониторингі нәтижелерінің талдауы мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілік-рухани тәрбиелеу саласында педагогтардың кәсіби шеберліктерінің тұрақты өсуін көрсетеді. Тәрбиешілер жұмысының құндылықтық негізі балалармен диалог негізінде қарым-қатынас орнату, балаға деген сүйіспеншілік пен өзіндік даму болып табылады.

3. Педагогтардың өз бетімен білім алуға, өз шығармашылықтарын анықтауға, өзіндік жетілдіруге деген қызығушылықтары артты.

Дегенмен, педагогикалық ұжым алдында әлі де көптеген шешілмеген міндеттер тұр, сондықтан келесі оқу жылында:

Педагогтардың шығармашылық ізденістерін, инновациялық жаңартуларға деген жағымды қатынастарын, бірлесе серіктесе жұмыс жасауға деген тілектерін ынталандыруды жалғастыру.

Әдіскер жас тәрбиешілер үшін мектепке дейінгі педагогика мен психология, оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі саласындағы проблемаларды жоюға бағытталған әдістемелік шараларды жоспарласын.

Педагогикалық ұжым балабақшаның әдістемелік қызметі жобасын жүзе асыру жұмыстарын жалғастырсын.

Балалардың толыққанды дамуы және психикалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу мақсатында балабақшамызда меңгеруші әр балаға психологиялық сүйемелдеу көрсетеді. Меңгеруші өз қызметінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Бала құқығы туралы конвенцияны, мектепке дейінгі мекемелердегі психологиялық қызмет туралы ережені басшылыққа алады.

Тәрбиеленушілердің, балабақша қызметкерлерінің әлеуметтік-психологиялық ахуалды сақтау және нығайту, ББ жағдайында үйлесімді дамуы мақсатында келесі міндеттерді шешумен айналысты:

Міндеттері:

- Балалардың психологиялық денсаулықтарын сақтау.
- Бала дамуындағы қиындықтардың алдын алу.
- Дамудағы, оқыту мен әлеуметтенудегі өзекті мәселерді шешуге көмек көрсету.
- Балаларға, ата-аналарға, тәрбиешілерге бейімделу кезеңінде көмек көрсету.
- балалардың эмоционалдық және танымдық дамуына диагностика жүргізу.

Қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Психологиялық алдын алу, психологиялық ағарту;
2. Психологиялық диагностика;
3. Дамыту және психологиялық түзету;

4. Психологиялық кеңес;
5. Ұйымдастырушылық – әдістемелік жұмыстар.

Қамтылған топтар саны – 3 топ.

Балалармен жұмыс әлеуметтік бейімделуге, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, эмоционалдық сферасының дамуына бағыттталып, жеке және топтық сабақтар түрінде өткізілді.

Ата-аналармен жұмыста балалармен мейірімді, сенімді қатынас орнатуға басты назар аударылды. Жұмыстың көптеген түрлері қолданылды (психологиялық акция, ата-аналар жиналысы, кеңестер, әңгімелесу).

Диагностикалық жұмыс жоспарланған кесте бойынша, сонымен қатар әкімшіліктің, ата-аналардың, тәрбиешілердің сұранысы бойынша жасалды.

Оқу жылының басында жаңадан келген балалардың (25 бала) балабақша жағдайларына бейімделуіне бақылау жүргізілді. Әр балаға бейімделу парағы толтырылды. Бейімделу парақтарының талдауы балалардың 60% балабақшаға жеңіл бейімделгенін, 25% - орташа түрінде бейімделгенін көрсетті.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің балабақша жағдайына бейімделуі



Орташа деңгейде бейімделген балалар ауруына байланысты немесе басқа себептермен балабақшаны көп босатқан, соның нәтижесінде бейімделу мерзімі ұзаққа созылды. Тәрбиешілер мен ата-аналарға «Балабақшаға бейімделу» атты кеңес жүргізілді.

Мектепалды топтарында мектепке баратын балалардың мектепке психологиялық даму деңгейі Керн-Йрасектің әдістемесінің көмегімен жүргізілді, «Мектептің суреті» әдістемесі арқылы мектепке деген қатынастары мен мазасыздық деңгейі анықталды.

«Балапан» тобындағы «Мектеп суреті» тестінің нәтижесі бойынша: тексеруге қатысқан 19 баланың: 13-інде мектепке деген эмоционалды жағымды қатынас қалыптасқан, оқу тапсырмаларын орындауға және мұғаліммен өзара әрекетке дайын; 12 балада – мектепте оқуға деген таныс емес жағдай ретінде мазасыздықтары бар, ал айқын көрінген мектеп алдындағы қорқыныш анықталған жоқ.

Баланың ішкі позициясын анықтау бойынша әңгімелесу нәтижесінде балалардың танымдық қызығушылықтары, мотивациялық дайындықтары жоғары екені, оқушы ролін қабылдауға дайындығы анықталды.

Мектепалды топтары балаларының ойлау қабілеттері, белгілі бір ережемен жұмыс істеу ептіліктері анықталды («Корректурная проба» (Бурдон тесті). Зерттеу топтар бойынша жүргізілді. Диагностика нәтижелерені өңдеу кезінде балалардың 78% -да ақыл-ой жұмысының жоғары деңгейі, 22% орташа деңгейі анықталды.

Мектепке дейінгі жастағы кезеңнің маңызды қорытындысы болып мектепке психологиялық дайындықтары саналады.

Сәуір айында «Ботақан» тобында балалардың мектепке психологиялық дайындықтарының диагностикасы жүргізілді, нәтижесі бойынша (барлық зерттеуге қатысқан 25 баланың):

13 бала (55%) - мектепке жоғары психологиялық дайындық;

12 баланың (45%) – мектепке дайындығы орташа деңгейде.

Ата-аналармен өзара байланыс жүйесіне талдау

ББ басты серіктесі баланың ата-аналары (заңды өкілдері) болып табылады. Бала тәрбиесіндегі отбасы негізгі анықтаушы рольді алады. Ал ББ өз кезегінде оларға көмек көрсетуге ұмтылады, баланың қабілеттерін дамыту үшін мүмкіндіктерін ашады. Сондықтан, біздің мектепке дейінгі мекемеміздің негізгі қызмет бағытының бірі баланың дамуы мен өзара байланыс мәселелерін шешуде отбасы мен ББ күшін біріктіру, балабақша – отбасы тұтас білім беру кеңістігін орнату болып табылады. Келесі міндеттерді шешумен айналыстық:

- ✓ Тәрбиеленушілердің отбасыларымен серіктестік қатынас орнаттық;
- ✓ Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін күшімізді біріктірдік;
- ✓ Өзара түсіністік, өзара байланыс, ортақ мүдде атмосферасын жасадық.

Ата-аналармен өзара байланыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Әлеуметтік төлқұжаттар толтырылып, ББ білім сапасымен қанағаттану деңгейлері анықталды.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес формаларын қолдану балалар мен ата-аналар ұжымының ынтымақтасуына, балабақша мен отбасының серіктесуіне ықпал етті. Осыған орай, тренинг элементтерімен ата-аналар жиналысы өтті.

«Отбасылық құндылықтар» ата-аналарға арналған психологиялық акция,

Ата-аналармен жұмыстағы жетекші бағыт бұрынғыдай отбасылық газеттер, ақпарат қабырғалары, БАҚ болып қалады.

Ата-аналар «Күзі қиял», «Жаңа жылдық тосынсый», қар қалашығы, «Шыршаны сақтаймыз және қорғайық -2022», «Руханияттың мөлдір бұлағы» атты көрмелерге белсенді қатысты.

Барлық қатысушылар мадақтамалармен, алғыс хаттармен марапатталып, мерекелік шараларда берілді.

Карантин тәртібі шеңберінде қашықтық оқыту түрі жүргізіліп, ата-аналар белсенділік танытып, кері байланысқа шықты, балалардың жасаған сабақтарының

фотосуреттері мен видеожазбаларын жіберді. Жеңіс күніне арналған «Ешкім ұмыт болған жоқ, ештеңе ұмыт қалған жоқ» атты видеофильм жасауға қатысты.

Жыл соңында жүргізілген «Сіздің балабақша жұмысы туралы пікіріңіз» сауалнамасының нәтижесі ата-аналардың балабақша ұжымының жұмысын оң бағалайтынын көрсетті. Алынған мәліметтерге сүйенсек, ата-аналар балабақша жұмысын жағымды бағалайды, балалардың балабақшада болуына қанағаттанады, жүйелі әрі жоспарлы жүргізіліп отырған педагогтардың кәсіби жұмыстарын жоғары бағалайды. Бірақ балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстарын жетілдіру керек деп есептейді.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ұйымдастырылған түрлі жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал етті. Балабақша өміріне деген тұрақты қызығушылықтары нығайды.

Әкімшілік-шаруашылық жұмыстардың қорытындысы.

Балабақша қызметінің 2023-2024 оқу жылындағы талдау мекеме тұрақты қызмет ету деңгейінде тұрғанын көрсетеді.


Жыл көлеміндегі МДМ қызметіндегі неғұрлым сәтті көрсеткіштер ретінде келесілерді атауға болады:

1. ББ балалары дамуының жағымды динамикасы;
2. Балалардың мектепке дейінгі мекеме бағдарламасын сәтті меңгеруі;
3. Ата-аналардың ББ қызметін оң бағалауы;
4. ББ педагогтарының шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығының жоғары деңгейі.

Білім беру қызметіне жасалған талдау келесі бағыттар бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігін көрсетті:

- ✦ Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және ақыл-ой дамуының жоғары деңгейіне жету үшін денсаулықты нығайтудың жолдары мен тәсілдерін жетілдіру.
- ✦ Педагогтардың инновациялық технологияларды игеру саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жалғастыру.
- ✦ Тұтас білім беру кеңістігіне ата-аналарды тартуды жалғастыру: серіктестік қатынастар орнату.

Меңгеруші



М.Джуматова